

*Разия Асылгожина<sup>1</sup>, Теңгеш Қаленова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«Саясаттану» мамандығының 2-курс докторанты  
(Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан)  
e-mail:raziya.assyl@gmail.com*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты  
(Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан)  
e-mail:kalenovats@mail.ru*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР САЯСИ  
КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа:** Қазіргі демократиялық елдерде көшбасшылық лауазымдардағы әйелдер санының артуын түсіндіру үшін бұрын қолданылған әртүрлі аналитикалық тәсілдер мен категорияларды қайта қарауды қажет етеді. Әйелдердің саяси жетекшілікке қатысуы оларға елді ілгерілету үшін еңсеру қажет мәселелер мен қиындықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Әйелдер саяси қатысуға елеулі үлес қосқанда, олар үшін қажетті дағдылар мен қабілеттердің болуы өте маңызды. Ең бастысы, олар қоғамның және жалпы ұлттың әл-ауқатын қамтамасыз етудің стратегиялары мен тәсілдерін білуі қажет. Әйелдердің саяси көшбасшылығын зерттеу 20 ғасырдың екінші жартысында басталып, әйелдер көшбасшылығының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Әйелдердің шешім қабылдауға қатысуы мемлекеттік саясатқа оң әсер етуі мүмкін деген пікірлер айтылды. Бұл мақалада әйелдер саяси көшбасшылығының ерекшеліктері және оны жүзеге асырудың негізгі мәселелері қарастырылады. Саяси көшбасшылық және әйелдер көшбасшылығы туралы шетелдік әдебиеттерге талдау жасалған. Сондай-ақ, заманауи қазақстандық қоғамның гендерлік саясатына шолу жасалып, гендерлік теңдік рейтингі бойынша деректер беріледі. Республикалық деңгейде Парламенттегі әйелдердің үлесін айқындап, даму динамикасы көрсетіледі. Елдегі әйелдер көшбасшылығын қолдау бойынша ұсыныстар әзірленді.

**Түйін сөздер:** *көшбасшылық, әйелдер көшбасшылығы, гендер, саяси қатысу, гендерлік теңдік саясаты.*

---

**Разия Асылгожина, Тенгеш Каленова**  
**ПРОБЛЕМЫ ЖЕНСКОГО ПОЛИТИЧЕСКОГО ЛИДЕРСТВА**  
**В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация.** Растущее число женщин на руководящих должностях в современных демократиях требует пересмотра различных аналитических подходов и категорий, ранее использовавшихся для объяснения этого развития. Участие женщин в лидерстве в политической сфере позволяет им получить эффективное понимание проблем и вызовов, которые необходимо преодолеть, чтобы привести страну к прогрессу. Когда женщины вносят значительный вклад в участие в политической жизни, им жизненно важно обладать необходимыми навыками и способностями. Самым важным аспектом является то, что они должны знать стратегии и подходы к обеспечению благополучия общества и нации в целом. Исследование женского политического лидерства во второй половине XX века, и было направлено на выявление особенностей лидерской деятельности женщин. Были высказаны суждения, что участие женщин в принятии решений, может положительно сказаться на политике государства. В статье исследуются особенности женского политического лидерства и основные проблемы его реализации. Дан анализ зарубежной литературы по политическому лидерству и женскому лидерству. Также представлен обзор современной гендерной политики в Казахстане, представлены данные о рейтинге гендерного равенства, анализ доли женщин в парламенте на национальном уровне. Предлагаются рекомендации по поддержке женского лидерства в стране.

**Ключевые слова:** лидерство, женское лидерство, гендер, политическое участие, политика гендерного равенства.

---

**Raziya Assylgozhina, Tengesh Kalenova**  
**PROBLEMS OF WOMEN'S POLITICAL LEADERSHIP IN**  
**KAZAKHSTAN**

**Abstract.** The increasing number of women in leadership roles in contemporary democracies demands reconsideration of the different analytical approaches and categories previously used to explain the development. The participation of women on leadership within the political sphere enables them to acquire an efficient understanding of the problems and challenges, which need to be overcome for leading to pro-

gression of the country. When women render a significant contribution in political participation, then it is vital for them to possess the essential skills and abilities. The most important aspect is, they need to be aware of the strategies and approaches to promote well-being of the community and nation as a whole. The study of women's political leadership began in the second half of the XX century, and it was aimed at identifying the characteristics of women's leadership. It was suggested that women's participation in decision-making processes could have an encouraging impact on state policy. This paper examines the features of women's political leadership and the main problems of its implementation. The analysis of foreign literature on political leadership and women's leadership is given. It also provides an overview of modern gender policy in Kazakhstan, provides data on the ranking of gender equality, an analysis of the proportion of women in parliament at the national level. Recommendations are proposed to support women's leadership in the country.

**Key words:** leadership, women's leadership, gender, political participation, gender equality policy.

## Кіріспе

Әйелдердің саяси көшбасшылығын зерттеудің өзектілігі жаһандық өзгерістер жағдайында саяси процеске әйелдердің қатысуымен көшбасшылығы рөлімен, оның қазіргі әлемдік және қазақстандық тәжірибеде маңызының артуымен, әйелдердің саяси көшбасшылығы мәселелерінің жеткіліксіз зерделенуімен байланысты.

Көшбасшылық бұл жай ғана лауазым емес. Бұл ықпал ету айналасында жүретін күрделі құбылыс және маңайындағы адамдарды өзі қалаған жаққа бағыттау мүмкіндігі. Табысты көшбасшылар – бұл өз мүмкіндіктері мен дағдыларын толық пайдалана алатын адамдар. Институционалдық құрылымдар, билік, саяси мәдениет, саяси режим түрі, избасарлар динамикасы және партиялық факторлар көшбасшылық мүмкіндіктерін анықтайды. Көшбасшы қоғамның саяси өмірінде аса маңызды орындардың бірін алады, оның іс-әрекеті мен нұсқауына қоғамның қандай бағытта дамидығы байланысты болады. Дегенмен, көшбасшылық басқа процестер секілді гендерлік сипатқа ие. Бүгінгі күні көшбасшылық туралы ойлағанда, әдетте бірден ер адамдар ойға оралады. Жалпы, елімізде билік ерлердің қолында, ал жоғары басшылық қызметтерде негізінен ер адамдар басым. Соған қарамастан, қазіргі қоғамда әйелдер саяси көшбасшылық үшін күресте өзін ерлердің лайықты бәсекелестері

---

ретінде көбірек жариялауда. Мұны үлесі аз болса да әйелдердің атқарушы биліктегі жетекші орындарды иеленуі және парламентте орын алуы дәлелдейді. Дамыған демократиялық елдердің гендерлік теңдік саласында қол жеткізген жетістіктері Қазақстанда бірте-бірте гендерлік стереотиптерден алыстап, әйелдерге саяси қызметпен айналысуға немесе мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істеуге кең жол ашуына мүмкіндіктер береді.

### **Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері**

Ақпарат көздері халықаралық және аймақтық статистика мәліметтері, ресми баспа көздерінде, баяндамаларда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларында, интернет-ресурстарда және т.б. қамтылған гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтарын кеңейту жөніндегі көрсеткіштер. Мақсатқа жету үшін талдау және салыстыру әдістері пайдаланылды.

### **Тақырыптың зерттелу деңгейі**

Бүгінгі күнде көшбасшылық мәселесі барлық ғылым салаларында белсенді зерттелуде. Саяси көшбасшылықтың әрқырлары саясаттану ғылымының зерттеу нысанына айналды. Себебі, адамзат тарихындағы көшбасшылық мәселесін тұжырымдау – билеуші мен бағынушы арасындағы қарым-қатынастың мәнін түсінуге ұмтылу. Ежелгі және қазіргі заманда саяси көшбасшының ұлт болашағын анықтаушы ретіндегі рөлі өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Көшбасшылардың саяси іс-әрекетін білдіретін саяси көшбасшылық – адамдар өмір сүріп, қоғамды қалыптастырғаннан бері ең көне, ең кең таралған құбылыс. Ежелгі антик ойшылдары Платон, Аристотель, Цицерон еңбектерінде көшбасшылықтың мәнін, көшбасшыға тән сипаттарды, белгілер мен қасиеттерді, көшбасшы болу механизмдерін қарастырды [1]. Ортағасырларда ФилоАлександрия, Августин, жаңа дәуір философиясы мен саясаттану классиктері Ф. Бэкон, Т.Гоббс, И.Кант, Ж.-Ж. Руссо т.б. еңбектерінің зерттеу нысанына айналды.

Асқан адам теориясының негізін қалаушы неміс философы Ницше көшбасшылыққа ұмтылуды адамның «шығармашылық инстинктінің» көрінісі деп санады; басшының имандылықты елемеу құқығы – әлсіздердің қаруы деп есептеді [2]. Роберт Такер, Томас теоремасында «Егер адамдар бұл жағдайларды шынайы деп анықтаса, олар өз салдары бойынша да шынайы болады», - деп атап көрсетті. Оның маңыздылығын саяси көшбасшылықты зерттеудегі негізгі алғышарт

ретінде көреміз [3]. Жан Блонделдің пікірінше, саяси көшбасшылық мәселесі ең даулы және аз зерттелген мәселелердің бірі болып қала береді [4]. Джеймс М.Бернстің пайымдауынша, көшбасшылық ең көп бақыланатын құбылыс және ізбасарлары басқалармен бәсекелестік немесе қақтығыс кезінде олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін институционалдық, психологиялық және басқа ресурстарды жұмылдыру ретінде анықталады [5]. Сондай-ақ, ол көптеген адамдар билік феноменіне тым әуестенеді, саясатты билік ретінде қарастыру саясаттағы билік пен көшбасшылық рөлін елемуге әкеледі деп сендірді. Демек, ізбасарларды пассивті тіршілік иелері ретінде қарастырмау керек, ал олардың қабілеттері мен рөлдерін екінші дәрежелі деп санауға болмайды.

Эдельманның пікірінше, қазіргі саяси көшбасшылық көшбасшының өзінің іс-әрекет бағытын таңдауға еркін және басқалардың өз көшбасшылығымен жүруіне мүмкіндік беретін көрнекті интеллектке, білімге, дағдыларға және жеке тұлғаға ие көшбасшы [6]. Саяси көшбасшылықтың маңызды элементі – ізбасарлардың болуы: ізбасарларсыз көшбасшы болмайды. Көшбасшының өз командасының болуы маңыздырақ, одан да маңыздысы қалың бұқараның қолдауын табуы. Бұл ізбасарларға байланысты. Көшбасшыны таңдау оның ізбасарларымен де шектеледі, ал көшбасшылық динамикасын қоғамдық реакциядан іздеу керек. Демек, көшбасшылар мен ізбасарлар тең және өзара тәуелді серіктестер ретінде құрылған кезде, осы өзара қарым-қатынас арқылы көшбасшылықтың легитимділігі пайда болады. Әділ жолмен көшбасшылыққа қол жеткізген басшы да өзінің ізбасарларымен қарым-қатынасында осы заңдылық пен адамгершілікті сақтауы керек. Осылайша, өзара қарым-қатынасқа бағытталған саяси басшылық саяси билікті жүзеге асыруда заңдылық пен мораль принциптерін тұрақты түрде негізге алу арқылы легитимділікке қол жеткізеді.

Көптеген жылдар бойы саяси көшбасшылық туралы зерттеулер толығымен гендерлік сипатта болмады. Бұл, ең алдымен, көбінесе ғылымда жүрген ерлердің көшбасшылар ер адамдар деген болжамына байланысты. Әрине, тарихи тұрғыдан алғанда бұл болжам негізсіз емес. Адамзаттың даму тарихында басым жағдайда саяси көшбасшылар ер адамдар болды. Әйелдердің саяси көшбасшылығын зерттеуге 1960 жылдардан кейінгі әйелдер қозғалысы мен әйелдерді зерттеуді қолға алу әсер етті. Әйелдердің саяси көшбасшылығы – бұл ерлерге бағытталған құндылықтар жүйесіне негізделген көшбасшы әйелдердің қасиеттерін бағаламайтын қолданыстағы дәстүрлі көзқарасқа реакция. Ол әйелдердің ерекшеліктерін, әлеуметтік

---

рөлдері мен мәдениетін бағалауға бағытталған жаңа қозғалыс ретінде пайда болды.

Соңғы жылдары әйелдердің саяси көшбасшылығын зерттеуде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Көшбасшылық лауазымдардағы, әсіресе қоғамдағы шешімдер қабылдаудың ең жоғары деңгейіндегі әйелдерді зерттеу гендерді саяси анықталған және көшбасшылық динамикасының саясаты ретінде түсінуімізге ықпал етеді [7]. Ұлттарды басқарған әйелдердің өмірі мен мансабы саяси өмірдегі гендердің рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Гендерлік айырмашылықтардың басымдығы көшбасшылардың биік шыңға жету жолында кездесетін қиындықтар мен мүмкіндіктерді қарастырған кезде айқынырақ болады. Гендерлік стереотиптердің тереңдігі әйелдің ең жоғары саяси лауазымға жеткеннен кейін де адамдарға әсер етуді жалғастырған кезде айқын болады.

Дж.Лоулесс, Р.Фокс, Л.Уитакер зерттеулерінде әйелдерді шешім қабылдау деңгейіне көтеру, әйелдер құқығын қорғау және т.б. мәселелерді қарастырады [8]. Ресейлік зерттеушілер Н.Шведова, С.Айвазова, В.Светлакованың еңбектерінде әйелдердің көшбасшылық стилінің ерекшеліктері, саясаткер әйелдердің тұлғалық ерекшеліктеріне талдау берілген [9]. В.Светлакова өз зерттеулерінде Ресейдегі әйелдердің саяси көшбасшылығының ерекшеліктерін, биліктегі әйелдерге деген көзқарастың ғасырлар бойы қалай өзгергенін көрсетеді. Саяси көшбасшылықтың гендерлік аспектісін зерттеу О.Богданова, В.Ушакова, Е.Суслов еңбектерінде берілген [10]. О.Богданованың пікірінше, әйелдер саяси биліктің шыңында тек жеке қасиеттерінің, білімі мен тәжірибесінің, өз мансабын ұйымдастырып, жоспарлау қабілетінің арқасында ғана қала алады. Д.Р.Фатыхованың “Қазіргі Ресейдегі әйел саясаткер имиджінің қалыптасу технологиясы” атты монографиясында әйелдердің саяси белсенділігінің қалыптасуы мен дамуында қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар ролінің маңызды екенін атап өтті. Себебі әдетте қоғамдық бірлестіктердің көшбасшылары әйел азаматтар болып табылады [11].

### **Негізгі бөлім**

Қазіргі таңда халықаралық саяси аренада әйелдер белсенділігі артып келеді. Бірақ көптеген елдерде қол жеткізілген ілгерілеушілікке қарамастан, әйелдердің шешім шығарушы орындарда аз болуы жиі кездеседі.

Әйелдердің саяси өмірге қатысуы туралы деректер қатысушылар саны мен олардың көшбасшылары арасында пропорция жоқ екенін


көрсетеді. 2021 жылдың 1 қыркүйектегі БҰҰ – Әйелдер ұйымының мәліметі бойынша, әйел- парламентшілерінің үлесі 25%-ды құрады (әлемнің аймақтары бойынша көрсеткіш әркелкі). Мысалы, бүгінгі таңда әлемнің небәрі 10 елінде әйел мемлекет басшысы бар болса, 13 елде ғана әйел азаматша үкімет басшысы лаузымында қызмет атқаруда [12]. Берілген сандар саяси функциялар арасындағы айырмашылықты анықтайды. Парламент депутаты негізінен кеңес беру функциясын атқарады. Сондықтан депутаттың ролі министр секілді атқарушы лауазыммен бірдей емес.

Гендерлік стратегияны іске асыру қазіргі Қазақстандағы бүкіл саяси үдеріске орасан зор ықпал етуде. Қазақстан әйелдер құқығы жөніндегі көптеген халықаралық келісімдердің қатысушысы ретінде осы бағытты дамытуға және гендерлік мәселелерді шешуге ұмтылуда. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат жөніндегі кеңес құрылды. Бұл Кеңес 1998 жылы атауын ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы деп өзгертілді. 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының “Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы” конвенцияға қосылды. “Әйелдердің саяси құқықтары туралы”, “Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы” конвенциялары бар. Халықаралық еңбек ұйымының конвенциялары, соның ішінде “Бірдей еңбек үшін ерлер мен әйелдерді тең көтермелеу туралы” конвенцияларға қол қойылды. 2003 жылдың қарашасында үкімет Қазақстан Республикасының Гендерлік саясат тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдаманың бірнеше стратегиялық басымдықтары бар. Атап айтар болсақ әйелдердің басшылықтағы өкілдігіне, оның ішінде билік құрылымдарында ерлер мен әйелдердің тең қатысуына қол жеткізуге байланысты мәселелер көтерілген. Сонымен қатар, 2009 жылы үкімет “Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы” заң қабылдады.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік теңдік жөніндегі жыл сайынғы жаһандық индексінде әлемнің 156 елі арасында 80-ші орынды иеленді, ал саяси өкілеттік субиндекс бойынша 106 орынға орналасқан [13]. 2020 жылы Қазақстан жаһандық рейтингте 72-орынға, ал саяси өкілеттілік субиндексінде 106-шы орынға ие болды. Бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен болып есептеледі.

Ұлттық парламенттегі әйелдердің өкілдігі туралы айтатын болсақ,


Inter-Parliamentary Union (IPU) халықаралық ұйымының рейтингінде республика бұл көрсеткіш бойынша әлемде 60-шы орында тұр [14].



**1-сурет. Қазақстан Республикасы Парламентіндегі (Сенат, Мәжіліс) әйелдердің үлесі, 2000 мен 2019 жылдар аралығы.**

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметі бойынша, әйелдердің Парламенттегі депутаттық мандаттардың үлесі 2013 жылы 20,1%, 2017 жылы 22,2%, 2019 жылы 23,4% болды. Бүгінде Парламент Мәжілісінде 29 әйел бар, бұл депутаттардың жалпы санының 29,59% құрайды. Мемлекеттік және саяси құрылымдарда әйелдердің қатысуының айтарлықтай артқанын білдіреді.



**2-сурет. Үкіметте министр лауазымындағы адамдар арасындағы әйелдердің үлесі 2000 мен 2019 жылдар аралығы.**

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы



2006-2007 жылдары Қазақстан Үкіметіндегі әйелдердің үлесі 17 министрдің ішінде 5 әйел министр (29,4%) болды. Бұл диаграммада көрсетілген 20 жылдағы ең жоғары көрсеткіш болып есептеледі. Бүгінде бұл көрсеткіш 11,1% төмендеді. Қазіргі таңда 18 министрдің ішінде 2 әйел азаматы жұмыс істейді. Олар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Мәдениет және спорт министрліктерін басқарады. Әйел саясаткерлер басшылық қызметі көбінесе әлеуметтік салаларға (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау) қатысты. Қазақстан тарихындағы тұңғыш әйел - облыс әкімі Г.Әбдіқалықова бұл қызметке 2020 жылдың 28 наурызында тағайындалды.

Р.Сарбаеваның айтуынша, қазіргі уақытта әйелдер мемлекеттік және саяси құрылымдарға жеткілікті түрде тартылмаған, бірақ сонымен бірге посткеңестік кеңістікте биліктің «гендерлік вертикалі» кеңінен қолданылады. Мұнда әйелдер төменгі және орта деңгейлерде тұрады, бірақ жоғары лауазымдарда (шешім қабылдау деңгейінде) аз ұсынылған. Бұл ерлер мен әйелдердің теңдігі мәселелеріне қатысты мемлекеттік саясат туралы шешімдер әлі де ерлердің қолында екенін білдіреді. Мемлекеттік секторда жоғары лауазымдарға көбірек әйелдер тартылса және әйел сайлаушылар «сайлау мүмкіндіктерін өз мүдделері үшін де, бүкіл қоғамның мүддесі үшін де пайдаланса» жағдай өзгеруі мүмкін [15]. Әйелдер түпкілікті нәтижеге көбірек назар аударады, жағдайды объективті бағалайды, қарапайым, түсінікті және орындалатын шешімдерге бейім әрі оларда әлеуметтік жауапкершілік сезімі дамыған.

Көптеген зерттеулер әйелдердің саясатта жеткіліксіз болуын саяси амбицияның жоқтығымен байланыстырады, бірақ әйелдердің лауазымдарға жетуіне және өз мандаттарын орындауына немесе олар сайланғаннан кейін басшылық лауазымдарға қол жеткізуіне кедергі келтіретін басқа да әлеуметтік кедергілер бар.

Егер басқа елдерде әйелдер көшбасшылығының басты кедергісі білім алудың теңсіздігі болса, Қазақстанда жағдай басқаша. Әйелдер дәстүрлі қоғамның оның ана мен әйел ретіндегі рөлі туралы қалыптасқан көзқарастар мен әйелдердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы тұрғысынан батыс құндылықтары арасындағы еңсерілмейтін қайшылыққа тап болады.

*Әйелдердің саясатта белсенді болуына кедергі келтіретін жағдайлар:*

- әйелдер саясат үшін «жаралмаған» деген стереотип. Әйелдер қазір парламент пен үкіметте ер адамдармен қатар отырса да, әлі де саясатта және көшбасшылықтың басқа салаларында табысқа жетуге

---

ұмтылатын ықпалды әйелдерге деген кедергі келтіретін негативті реакция бар.

- әйелдерге мәдениеттегі, діндегі және әдет-ғұрыптағы әртүрлі жағдайлар кедергі келтіреді.

- әйел кандидаттарға «сұраныс» шектеулі. Оларға саяси партиялардың кандидаттарды таңдау тәсілдері, сондай-ақ сайлаушылардың әйелдердің қоғамдық өмірге немесе саясаткер ретінде қатысуына байланысты көзқарастары кіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау қорытындысы бойынша төменгі палатадағы 107 депутаттың 29-ы ғана әйелдер. Бұл әйелдерге арналған квоталарды қайта қарап, олардың саясатқа араласуына жағдай жасау қажеттілігін растайды. Бізде әйелдер мен 29 жасқа дейінгі жастарға арналған 30% квота бар. Бірақ, бұл квота толық әйелдерге емес, жастар мен әйелдерге аралас беріліп отыр.

- әйелдер саясатқа нашар бейімделген және әлеуметтік капиталы, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарына арналған қаржылық капиталы аз.

- әйелдерді қолдауға арналған саяси ұйымдарға деген қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі.

«Қазақстанның тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері институты» қоғамдық қоры мен Фридрих Эберт қорының Қазақстандағы өкілдігінің әлеуметтік зерттеуі аясында Алматы, Астана қалалары мен бес облыс тұрғындары арасында саясаттағы әйелдер жұмысына көзқарастары туралы сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың басым бөлігі әйелдер саясатқа қатысуы қажет деп санайды. Ерлер әлі күнге дейін саясат - әйелдің ісі емес деген стереотиптік пікірді сақтайды, өйткені олардың ана мен әйел болуына кедергі жасайды, ал саяси қызметтің өзі әйелдер үшін тым қиын деп есептейді. Дегенмен, әйелдердің өзі саясатта әйелдер керек деген стереотиптік пікірді қолдайды, өйткені олар ерлерге қарағанда айлакер әрі тапқыр. Сондай-ақ сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 39,5%-ы әйелдердің саясатқа араласуы мемлекеттің әлеуметтік саясатын жақсартуға септігін тигізеді деп есептейді [16]. Қоғамдық пікірдің жағымды болғанына қарамастан, ресми статистика биліктің нақты өзгерістерге, халықаралық нормаларға сәйкес келетін қазіргі гендерлік саясатты анықтауға және жүргізуге дайын еместігін көрсетеді.

Жаһандану дәуіріне қажет жаңа көшбасшылық - ерлердің

артықшылығы болып саналатын дәстүрлі көшбасшылықты емес, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтудің жаңа стратегиялары мен әдістерін іздейді. Енді, жынысына қарамастан, көшбасшылықты дамыту және көшбасшылықты оқыту арқылы әрбір адамға көшбасшылық рөлді қабылдауға мүмкіндік беру керек.

### **Ұсыныстар мен қорытынды**

Әйелдердің саяси көшбасшылық тәжірибесін жақсартуға көмектесетін бірқатар ұсыныстар бар:

- үкімет қоғамдық институттармен тығыз әрекеттесіп, әйелдер рөліне қатысты стереотиптік ойлауды өзгерту шараларын қарастыруы тиіс;

- гендерлік теңдікте табысқа жеткен батыс елдеріндегі әйелдерді саяси ілгерілету тәжірибесін зерттеу қажет;

- әйелдер мен қыздар кездесетін көптеген қиындықтарды жеңілдетуге немесе шешуге көмектесетін өзгерістерді енгізу үшін әйелдердің көшбасшылық лауазымдарды иеленуі өте маңызды. Әйелдер елде неғұрлым көп саяси қызметте болса, соғұрлым ел үшін әйелдер кездесетін проблемалармен күресу және оларды шешу оңайырақ болады. Себебі, біздің патриархалды қоғамда ер азаматтар әйелдер мәселелерін көп көтермейді;

- әйелдерді сайлауға қатысуға ынталандыратын тетіктер мен оқыту механизмдерін әзірлеу керек;

- саяси партиялар саяси билікке лайықты әйел кандидаттарды ілгерілету үшін оқыту семинарларын өткізіп, олардың бойында көшбасшылық қасиеттерді дамытуы қажет. Наукандық тренингтер ұзақ мерзімді болуы керек және нақты саяси дағдыларды қалыптастырумен қатар, ол жергілікті партия мүшелерімен, азаматтық қоғам өкілдерімен байланысты дамытуы керек;

- әйел кандидаттарды қолдау шараларын ынталандыру қажет.

Республикадағы гендерлік жағдайды талдаудың негізгі қорытындысы ретінде әйелдер көшбасшылығын дамытудың ең маңызды бағыты – әйелдер арасында саяси білімді арттыруды жүзеге асыру қажеттілігі деп санауға болады. Саяси көшбасшылықты қарым-қатынас құру тұрғысынан үйрету әйелдердің саясатқа ұмтылу және көбірек қатысу ықтималдығын арттырады. Сонымен қатар, егер мекеме көшбасшылық пен қызмет етуді позициялық көшбасшылық ретінде бағалайтын болса, әйелдер өз үлестерін неғұрлым мағыналы деп санайтын болады. Әрине, қоғамның әйел көшбасшысы мен әйел

---

саясаткер бейнесін қабылдауы үшін уақыт керек. Саяси келешегі бар, күзіретті әйел көшбасшыларды ұсыну қажет.

Әйелдердің саяси процестерге қатысуы қазақстандық қоғамның демократиялық негізін кеңейтеді және жаһандандудың күрделі мәселелерін шешу үшін әйелдердің қабілетін пайдалану қоғамға пайда әкеледі. Жаһандану дәуірінде, басқаратын және бақылайтын қалыптасқан дәстүрлі саяси көшбасшылықтан, көшбасшылар мен ізбасарлар арасындағы тең және өзара тәуелді серіктестік негізінде орын алатын қарым-қатынасқа бағытталған саяси көшбасшылыққа көшу қажет.

---

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Калиев Т. Политическое лидерство как институт политической власти: современное состояние и перспективы развития: автореферат канд. полит. наук: 23.00.02. - Пятигорский государственный лингвистический университет. Пятигорск, 2013
2. Смоляр А. Политическое лидерство: определение, типология, функции и современные тенденции развития // Вестник ЧитГУ. – 2007. – No 3 (44). – 169 с.
3. Tucker K. Politics as Leadership. - Columbia: University of Missouri Press, 1981. – 165 p.
4. Блондель Ж. Политическое лидерство. Путь к всеобъемлющему анализу. / Пер. с англ. Г.М. Квашнин, – М, 1992. – 135 с.
5. James Macgregor Burns. Transformational Leadership Theory Leadership with a higher purpose. <https://www.strategies-for-managing-change.com/james-macgregor-burns.html>.
6. Edelman M. The Symbolic Uses of Politics. - Urbana & Chicago: University of Illinois Press, 1985. – 201 p.
7. Sapiro V. The political integration of women: Roles, Socialization and Politics. Urbana: University of Illinois Press, 1983 - 205 p.
8. Lawless L., & Fox, R. It still takes a candidate: Why women don't run for office. Cambridge: Cambridge University Press, 2010 -doi:10.1017/CBO9780511778797; Whitaker L. Women in politics: Outsiders or insiders? (5th ed.) New York: Longman - 2010
9. Шведова Н.А. Женщины в США: механизм гендерного равенства // Женщина в российском обществе. – 2007. – №4. – 22 с.; Айвазова С. Гендерная российская политика: конфликт микро-макроуровней власти // Гендерные исследования. – 2007. – №10. – 87 с.; Светлакова В. Особенности женского политического лидерства в России: история и перспективы // Омский научный вестник. – 2009. – №6. – 85 с.
10. Богданова О. Гендерные аспекты политического лидерства // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gendernye-aspekty-politicheskogo-liderstva/viewer> (доступ: 31.10.2021); Ушакова В. Гендерные аспекты политического лидерства и имиджа: эмпирическое исследование // Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение. – 2021. – №1 (ч. 2); Суслов Е.

Феномен финской женщины в политике // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-finskoj-zhenschiny-v-politike/viewer> (доступ: 31.10.2021)

11. Фатыхова Д. «Технологии формирования имиджа женщины-политика в современной России (на материалах Республики Татарстан)». – Казань, 2016 – 141с.

12. Facts and figures: Women's leadership and political participation // URL: <https://www.unwomen.org/en/what-we-do/leadership-and-political-participation/facts-and-figures#ednref1> (Доступ: 02.11.2021)

13. Global Gender Gap Report INSIGHT REPORTMARCH 2021 // URL: [www3.weforum.org/docs/WEF\\_GGGR\\_2021.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGR_2021.pdf) (Доступ: 02.11.2021)

14. Women in national parliaments // URL: [//archive.ipu.org/wmn-e/classif.htm](http://archive.ipu.org/wmn-e/classif.htm) (Доступ: 28.10.2021)

15. Сарбаева Р. Женщины Казахстана в политике и на международной арене: гендерная проблематика // KazNUBulletin. International relations and international law series. – 2015. – №2 (70). – 145-150 стр.

16. Ускембаева М. Гендерное исследование: как в Казахстане реализуется политика в отношении женщин и мужчин. URL: <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html> (Доступ: 02.11.2021)

## REFERENCES:

1. Kaliev T. Politicheskoe liderstvo kak institut politicheskoi vlasti: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya: avtoreferat kand. polit. nauk [Political leadership as an institution of political power: current state and development prospects: abstract of candidate of political sciences]:23.00.02. Pyatigorskii gosudarstvennyi lingvisticheskii universitet.Pyatigorsk- Pyatigorsk State Linguistic University. Pyatigorsk, 2013

2. Smolyar A. Politicheskoe liderstvo: opredelenie, tipologiya, funktsii i sovremennye tendentsii razvitiya [Political leadership: definition, typology, functions and current development trends] // Vestnik ChiTGU.-Bulletin of the ChitSU. – 2007. – No 3 (44). – 169 p.

3. Tucker K. Politics as Leadership. - Columbia: University of Missouri Press, 1981. – 165 p.

4. Blondel' ZH. Politicheskoe liderstvo.Put'k vseob"emlyushchemu analizu [Political leadership. The path to comprehensive analysis] / Per. s angl. G.M. Kvashnin - Tr. from English G.M. Kvashnin, – M, 1992 – 135 p.

5. James Macgregor Burns. Transformational Leadership Theory Leadership with a higher purpose // URL: <https://www.strategies-for-managing-change.com/james-macgregor-burns.html>. (Accessed:31.10.2021)

6. Edelman M. The Symbolic Uses of Politics. - Urbana & Chicago: University of Illinois Press, 1985. – 201 p.

7. Sapiro V. The political integration of women: Roles, Socialization and Politics.- Urbana: University of Illinois Press, 1983. – 205 p.

8. Lawless L., & Fox, R. It still takes a candidate: Why women don't run for office. Cambridge: Cambridge University Press, 2010. doi:10.1017/CBO9780511778797; Whitaker L. Women in politics: Outsiders or insiders? (5th ed.) New York: Longman. – 2010

9. Shvedova N.A. Zhenshchiny v SSHA: mekhanizm gendernogo

- 
- ravenstva [Women in the USA: Mechanism of Gender Equality]. // Zhenshchina v rossiiskom obshchestve.-Woman in Russian Society. – 2007. – №4. – 22 p.; Aivazova S. Gendernaya rossiiskaya politika: konflikt mikro-makrourovnei vlasti [Gender Russian Policy: Conflict of Micro-Macro Levels of Power] // Gendernye issledovaniya - Gender Research. – 2007. – №10. – 87 p.; Svetlakova V. Osobennosti zhenskogo politicheskogo liderstva v Rossii: istoriya i perspektivy [Features of Women's Political Leadership in Russia: History and Prospects] // Omskii nauchnyi vestnik. Omsk Scientific Bulletin. – 2009. – №6. – 85 p.
10. Bogdanova O. Gendernye aspekty politicheskogo liderstva. [Gender Aspects of Political Leadership] // URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/gendernye-aspekty-politicheskogo-liderstva/viewer> (Accessed: 31.10.2021); Ushakova V. Gendernye aspekty politicheskogo liderstva i imidzha: ehmpiricheskoe issledovanie [Gender Aspects of Political Leadership and Image: An Empirical Study] // Vestnik RGGU. Seriya «Filosofiya. Sotsiologiya. Iskusstvovedenie - Bulletin of the Russian State University for the Humanities. Series "Philosophy. Sociology. Art criticism. – 2021. – №1 (ch. 2); Suslov E. Fenomen finskoi zhenshchiny v politike. [The phenomenon of Finnish women in politics] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-finskoy-zhenshchiny-v-politike/viewer> (Accessed:31.10.2021)
11. Fatykhova D. «Tekhnologii formirovaniya imidzha zhenshchiny-politika v sovremennoi Rossii (na materialakh Respubliki Tatarstan) [Technologies for shaping the image of a woman politician in modern Russia (based on materials from the Republic of Tatarstan)]. – Kazan', 2016. – 141 p.
12. Facts and figures: Women's leadership and political participation // URL: [https://www.unwomen.org/en/what-we-do/leadership-and-political-participation/facts-and-figures#\\_ednref1](https://www.unwomen.org/en/what-we-do/leadership-and-political-participation/facts-and-figures#_ednref1) (Accessed:02.11.2021)
13. Global Gender Gap Report INSIGHT REPORT MARCH 2021 // URL:[http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GGGR\\_2021.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGR_2021.pdf) (Accessed:02.11.2021)
14. Women in national parliaments.URL: <http://archive.ipu.org/wmn-e/classif.htm> (Accessed:28.10.2021)
15. Sarbaeva R. Zhenshchiny Kazakhstana v politike i na mezhdunarodnoi arene: gendernaya problematika [Women of Kazakhstan in politics and in the international arena: gender perspective] // KazNU Bulletin. International relations and international law series. – 2015. – №2 (70). – 145-150 pp.
16. Uskembraeva M. Gendernoe issledovanie: kak v Kazakhstane realizuetsya politika votnoshenii zhenshchin i muzhchin [Gender research: how Kazakhstan implements policies in relation to women and men] // URL: <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html> (Accessed:02.11.2021)